

**«Күншалған ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ: ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ
ОНЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖОСПАРЫ НЕГІЗІНДЕ
Мамыр айында өткізілге іс-шаралар ақпараты.**

«Қазақстан халқының бірлігі күні». Сынып сағаты өткізілді оқушыларды достыққа, ынтымақтастыққа тәрбиелеу мақсатында. "Бейбітшілік – ел тілегі" 1-Мамыр халықтар достығы күніне орай әр сынып әр ұлттың салт - дәстүрі, ұлттық киімдері, өнерін көрсетіп өте тамаша өнер көрсетті.



Отан қорғаушылар күні «Ұранды ердің-ұрпағы қайсар» тәрбие сағаттары өтті. Жас әскери дайындық жетекшісі: Садвакасов Руслан Аманбайұлының дайындығымен оқушыларды сапта жүру өнері көрсетіліп мектепшілік сайыс өтті және ауданға «Сап түзеу» өнерімен сайысқа қатысып 2- орынға ие болып келді. Оқушылар грамота, сыйлықтармен марапатталды.



6- мамыр "ТӨРТ ТОҚСАН-ТӨРТ ӨНЕР" жобасы аясында өткен «Жаңа Қазақстан - таза Қазақстан» атты ағаш егу ЧЕЛЛЕНДЖІ өтті. Оған 9-10-11 сыныптың оқушылары қатысты. Мектеп түлектері ағаш отырғызды.



«9- мамыр –Жеңіс күні Ұрпақтар ұмытпайтын ұлы Жеңіс» тәрбие сағаты өтті. «Ер есімі- ел есінде» ескерткішке апарып гүл шоқтары қойылды.



08.04.2024 Әр дүйсенбі сайын әнұран орындалады, оқушыларды патриоттық сезімге баулу мақсатында. Мемлекеттік рәміздерімізді құрметтеу мақсатында.



15-мамыр Отбасы күніне байланысты «Ұлттық мүдде» тәрбиесі құндылықтары бойынша «Менің отбасым» атты видеоролик жасап инстограмға жүктеу. Әр ата-ана өз отбасының фотоколлажын жасап соларды жинақтап видеоролик жасалады.



«Менің достарым» тақырыбында спорттық сайыс ойыны өткізілді. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері оқушыны ынтымақтастыққа, достыққа баулу мақсатында көңілді сайыс өткізді.



«Таза аула, таза мектеп» акциясы бойынша сынып тазалығы мен мектеп ауласын таза ұстау сайысы өтті. Тазалыққа, ұқыптылыққа, сыйластыққа және құрмет көрсету мақсатында.


17.05.2025 «Мен оқушы боламын» атты дайындық тобының дайындықпен қоштасу және «Қош бол бастауыш» атты кеші өтті. Оқушылар керемет өнер көрсетті. Ата-аналар қатысып тамаша кеш болды.



15.04.2024 Әр дүйсенбі сайын әнұран орындалады, оқушыларды патриоттық сезімге баулу мақсатында. Мемлекеттік рәміздерімізді құрметтеу мақсатында.



Ар-Ұят құндылығына байланысты 5-10 сынып оқушылары «Ұстаз – мектеп жүрегі» атты шығарма жазды. «Мен-Мектеп-Ұстаз» тақырыбында ата-аналармен жиналыс өткізілді. Жиналыста жыл бойы өткізілген жұмыстардың қорытындылары, алғыстар білдіріліп, марапаттар мен сыйлықтар берілді. Оқушылардың қауіпсіздігін бақылау қатаң ескертілді. Келесі оқу жылында «ата-ана-ұстаз-оқушы» болып үштік одақ ұйымшыл түрде бірлесе жұмыс істейтіні айтылып кетті.



«Гүл жайнамай, бұлбұл сайрамайды» мектеп ауласына гүл отырғызу. Мектеп ауласын гүлдендіріп гүлдер отырғызылады. Мектебімізді көріктендіріп, құрмет тұту мақсатында.


Талап тәрбие құндылығы бойынша «Үштік одақ» жобасы аясында тренинг өткізу. Демалыс кезіндегі қауіпсіздік туралы жиналыс өткізілді.



Талап тәрбие құндылығы бойынша «Білім-Отаныма» тақырыбында сынып сағаттары өтті. Оқушыларға білім ең басты құралы, келешектегі нәрі екені түсіндірілді. Демалыс кезіндегі қауіпсіздік туралы әр сынып жетекші оқушыларға айтып түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Оқушылар сынып сағатынан соң өте жақсы көтеріңкі көңіл күйде тарасты.



«Мектебім, саған мың алғыс!» атты салтанатты жиын өткізілді. Мектеп түлектері өздерінің құттықтаулары мен тілектерін айтып соңғы қоңырауларын соқты. Оқушыларға марапаттаулар таратылып, мектеп, ұстаздар туралы әндер айтылып оқушылар өте жақсы әсермен тарасты.



Мектеп директоры:

Сагинбаева Г.А.

Орындаған: ДТІЖО: Боканова А.С.

